

Қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 2 желтоқсан N 545

1996 жылғы 29 наурызда Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы мемлекеттерінің басшылары қол қойған Экономикалық және гуманитарлық салаларда интеграцияны тереңдету туралы келісімге сәйкес Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Парламентаралық комитеті қызметін жүзеге асыру мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық және үкіметаралық органдарын үлестік ұстап тұруға, аталған комитетті ақпараттық және материалдық қамтамасыз етуге 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен 1120 мың (бір миллион жүз жиырма мың) теңге сомасында бюджеттік қаржы бөлінсін.

Премьер-Министр